БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 205 (9267) | 1953 жылғы 9 октябрь | Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің VI пленумы туралы

1953 жылғы 5—6 октябрьде Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің VI пленумы болды.

Пленум СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын және Қазақстан партия ұйымының міндеттерін талқылады.

Баяндамашы — Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары **Ж. Шаяхметов** жолдас.

Талқыланған мәселе жөнінде пленум тиісті қарар қабылдады.

МТС жұмыстары жаңа талаптарға сай болсын

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті өзінің жуырда қабылдаған арнаулы қаулысында машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарта беру шараларын белгіледі. Бұл қаулы партиямыз бен үкметіміздің ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыруды онан сайын жақсарту, егіншілік мәдениетін арттыру, колхоздарды онан әрі өркендете беру жөнінде жасап отырған қамқорлығының айқын белгісі болып табылады.

Соңғы жылдары машина -трактор станцияларының колхоз өндірісіндегі ролі онан сайын күшейе түсті. Отандық жаңа және қуатты техникамен жабдықталған МТС-тер колхоз жұмыстарының кемінде төрттен үш бөлігін атқарады. МТС колхоз құрылысының шаруашылықтың барлық салаларында жаңа табыстарға жетуіне нақты көмек көрсетеді. Сондықтан да машина -трактор станцияларын онан сайын нығайта берудің ерекше зор маңызы бар.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысында көптеген МТС-тердің колхоздар мен жасасқан шарттарын қанағаттанғысыз орындайтындығы, егіншілік мәдениетін арттыруға, қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендетуге жеткілікті көмек көрсетпейтіндігі атап көрсетілген. Бұл кемшіліктер колхоздарды көп салалы, мол өнімді шаруашылыққа айналдыру ісіне нұқсан келтіреді.

Совет үкметі еліміздің машина-трактор станцияларын жылма- жыл жаңа отандық қуатты машиналармен толықтырып келеді. Оның үстіне машина-трактор станциялары арнаулы білімі бар маман кадрлармен толықтырыла түсуде. Мұның барлығы станциялардың жұмысын партиямыз бен үкметіміздің бүгінгі талаптарына сай күшті қарқынмен жүргізуге толық мүмкіншілік жасайды.

Бүкіл еліміздегі сыяқты осындай қуатты техниканы нағұрлым тиімді пайдаланудың нәтижесінде елеулі табыстарға ие болған механизаторлар коллективі біздің облысымызда да көптеп саналады. Мәселен, Совет МТС-дегі Григорий Любисток жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторлары өткен көктемгі егісті небары 6 жұмыс күні ішінде аброймен аяқтап шықты. Сол 6 күннің ішінде трактор бригадасы 1540 гектар жер өңдеді. Қадарының бір тобы облысымыздың МТС-терінде жұмыс істеуге жүріп кетті. Бірақ, бұл іс әлі де болса баяу жүргізілуде. Сондықтан партия, совет және ауылшаруашылық орындары машина-трактор станцияларын маман кадрлармен толықтыру жұмыстарына үнемі және ерекше назар аударып отыруға тиіс. Бұрын ауыл шаруашылығында істеген мамандарды ауыл-селоға жіберумен тана іс біттпейді. Мұның үстіне тек үстіміздегі айдың өзінде училищелерге 1200 адам жіберілуі керек. Олар ауыл шаруашылығын механикаландыру жөнінде арнаулы мамандық алатын болады.

Ауыл шаруашылық орындары мен МТС басшыларының аса жауапты міндеттерінің бірі —машина-трактор паркін пайдалануды және трактор бригадаларындағы еңбек ұйымдастыруды жақсарту. Өткен жылдары облыс МТС-теріндегі көптеген тракторшылардың сменалық тапсырмаларын жартылай да орындамағаны мәлім. Мұндай кемшілікті келешекте түбірімен жою керек. Олай болса, әрбір МТС-тің коллективі тракторшылардың, комбайншылардың және машинистердің еңбек өнімділігін арттыруына көмектесуге, машиналардың техникалық күтімін дұрыс ұйымдастыруға, машиналардың бос тұруына жол бермеуге міндетті.

Бірақ, облысымыздың көптеген МТС-терінде машиналардың түрлі себептермен босқа тұру фактілері де бар. Мәселен, Преснов МТС-де егін жыйнау жұмыстары сентябрьдің 10-ы кезінде аяқталса да, көптеген трактор бригадалары сентябрьдің 20-на дейін зябь жырту жұмыстарына қосылмады. Сондықтан бұл МТС-те 20 сентябрьге дейін зябь жырту жоспарының небары 8 проценті ғана орындалуы тан қаларлық іс емес.

Сол сыяқты, Интернационал, Булаев, Соколов МТС-терінің де көптеген машиналары жұмысқа қосылмай босқа тұруда. Мұның ақыры МТС-тердің бескүндік тапсырмаларды үнемі орындай алмауына әкеліп соғып жүр.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулысында МТС-тердің быйылғы жылы келесі жылдың барлық егіс көлеміне арнап пар мен зябь дайындауға міндетті екені атап көрсетілген. Біздің облыста бұл міндетті орындау-

Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм ПИК жолдасқа

БЕРЛИН

Герман Демократиялық Республикасының құрылуының төрт жылдығына байланысты, Президент жолдас, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының және менің өзімнің ыш жүректен құттықтауымды, сонымен бірге герман халқына біртұтас бейбітшіл, демократияшыл Германия құру жолында табыстарға жетуге тілектестігімді қабыл алыңыз.

Халықтарымыздың игілігі үшін және бүкіл дуние жүзінде бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасының арасындағы достық қатынас өркендеп, нығая берсін.

К. ВОРОШИЛОВ.

6 октябрь, 1953 жыл.

Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі Отто ГРОТЕВОЛЬ жолдасқа

БЕРЛИН

Герман Демократиялық Республикасының құрылған күнінің төрт жылдығына байланысты, құрметті Премьер- Министр, Сізден және Герман Демократиялық Республикасының Үкметінен менің жалынды құттықтауымды қабыл алуларыңызды өтінемін.

Бұдан төрт жыл бұрын герман халқының алдыңғы қатарлы патриоттық күштері өздеріне өз Отанының бірлігін, бостандығын және тәуелсіздігін қорғаудың, оның бейбітшілік пен демократия жолымен, басқа халықтармен достық және ынтымақ жолымен дамуын қамтамасыз етудің игілікті миссиясын алды. Агрессиялы топтар жүргізіп отырған герман милитаризмін қайта туғызу бағыты неміс ұлты үшін орасан зор хауіп туғызатындығын және герман мемлекетінің біртұтастығын жоюға, Германияны үшінші дүниежүзілік соғыстың ошағына айналдыруға бағытталғандығын неміс патриоттары нағұрлым терең сезуде. Герман Демократиялық Республикасының бейбітшілік саясаты герман халқының ұлттық сана-сезімінің белгісі болып табылады. Герман Демократиялық Республикасы бейбітшілікті жақтаушы барлық немістердің сенімді тірегі.

Герман Демократиялық Республикасын құрудың тарихи жүзеге асырылуы Европалық және халықаралық хауіпсіздікті нығайтуға тырысқан герман халқының мүдделері мен барлық бейбітшіл халықтардың мүдделерінің үйлесуі болып табылады. Прогрессшіл адамзат герман Демократиялық Республикасын онан әрі нығайтуды герман мәселесін бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздік мүдделеріне сай тұпкілікті шешудің маңызды шарты деп біледі.

Совет адамдары герман халқының өз ұлттық бірлігін қалпына келтіру ісінде және бейбітшіл герман мемлекетін құруда табыстарға жете беруін тілейді. Герман халқы өзінің біртұтас тәуелсіз, бейбітшіл, демократияшыл Германия құру жолындағы әділетті күресінде Совет Одағы халықтарының тілектестігі мен көмегін әрқашан да алып отырады.

Г. МАЛЕНКОВ.

6 октябрь, 1953 жыл.

Герман Демократиялық Республикасының Сыртқы Істер Министрі Лотар БОЛЬЦ жолдасқа

БЕРЛИН

Герман Демократиялық Республикасының құрылған күнінің төрт-

Зор өрлеу, жаңа табыс

Біздің трактор бригадасының механизаторлары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы қаулысын зор қуаныпшпен қарсы алды. Партия біздерді, механизаторларды, егіншілік мәдениетін бүгінгі талаптарға сай арттыруға, әрбір гектардың өнімділігін еселеп көбейту арқылы коммунизм құрылысы ісіне совет адамдарына лайықты үлес қосуға шақырады. Бұл шақыру біздің бригаданың мүшелері арасында жаңа зор өрлеу туғызды, коллективтік еңбек мәйданында үздік табыстарға жету күресіне бастап отыр.

Егін жыйнау науқаны кезінде бригаданың механизаторлары «Победа» ауылшаруашылық артелінің егіс далаларында жұмыс істеді. Егіннің ысырапсыз және кезінде жыйналуы жолындағы күрес күндерінде бригада механизаторларының ішінде тапсырмасын орындамаған бірде-бір адам болған жоқ. Мұның өзі алған міндеттемемізге сай егін жыйнау жұмыстарын кезінде ойдағыдай аяқтауымызға мүмкіншілік берді.

Бригада өткен жылы және быйылғы көктемде жоғарыда аталған колхоздың егіс далаларында қарқынды әрі сапалы жұмыс істеді. Бұл арада механизаторлардың колхоз егіншілерімен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеуінің игі нәтиже бергендігін айта кеткім келеді. Сондықтан да ауылшаруашылық артелі 1000 гектардан аса егін алаңының әрбір гектарынан орта есеппен 12 центнерден өнім жыйнады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Біз келесі жылы колхоз егіншілерінің егіннен бұдан да мол өнім алуына лайықты үлес қосамыз. Ол үшін бригада пар жырту жоспарын орындап, кезір зябь дайындаудың жоспарлы тапсырмаларын қалтқысыз жүзеге асырып келеді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында МТС- терде механизаторлар құрамын тұрақтандыру міндеті қойылған. Бұл,—әсресе, трактор бригадаларының жұмысын бүгінгі талаптарға сай жақсарта түсу деген сөз. Міне, мұндай қамқорлыққа біздің бригада өзінің қажырлы еңбегімен жауап беруге дайын.

Бригада механизаторларының СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын талқылауға арналған жыйналысында озат тракторшы Пантелеев жолдас былай деп мәлімдеді: —Партия МТС-тердің негізгі міндеті — колхоздарда барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырып отыру, қоғамдық мал санының өсуін, сонымен қатар оның өнімділігін артуын қамтамасыз ету, қамтуындағы колхоздарда егіншілік кәсібі мен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін молайтып отыру болып белгіленсін деп атап көрсетті. Олай болса, бұл міндетті жүзеге асырушылар —біздерден, механизаторлардан, еңбек қарқынын еселеп арттыра түсу талап етіледі. Сондықтан біздің жұмысымыз әрқашан осы талапқа сай болуы керек.

Бұл жалғыз Пантелеев жолдастың ғана пікірі емес. Бүкіл бригада мүшелерінің бүгінгі ойы да, мақсаты да осы. Кәзір біз колхоздың қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын жасау ісіне де көмектесудеміз. Колхозда сабан және топанды жыйнау, шөмелелеу ісі механизация күшімен атқарылады.

Бұдан былайғы жерде де жаңа табыстарға жетудің негізгі шарты —социалистік жарыстың кеңінен өрістете отырып, егіншілік пен мал шаруашылығының тұрақтарын молайта беру ісіне келелі үлес қосу мақсатында біздің бригаданың мүшелері еселеген жігермен еңбек етеді. Өйткені, біздің қол жеткен кейбір табыстарымыз бұған толық кепіл бола алады.

Ф. КОРОЛЕВ,
Преснов МТС- нің № 21 трактор бригадасының бригадирі.

Еселеген қарқынмен

Совет совхозының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұйымдасқан түрде өткізді. Совхоз механизаторлары егіннің ысырапсыз жыйналуын қамтамасыз етті. Оның нәтижесінде совхоз мемлекетке астық

Совхоз коллективі келесі жылы егіннен мол өнім алу үшін кәзір зябь жырту, тұқым құю жұмыстарын еселеген қарқынмен жүргізуде. Совхоз бөлімшелерінде зябь жыртуда 25 шынжыр табанды тракторлар жұмыс істейді. Бұлармен тәулігіне 400—450 гектар зябь жыртылады. Зябь жыртуда, әсресе, № 2 бөлімшенің механизаторлары алда келеді. Тракторшы В. Ипшин

жырлылықпен еңбек етуші механизаторлар егін шаруашылығының аса жауапты кезеңі—егін жыйнау кезінде де еңбектің жоғары көрсеткіштеріне ие болды.

Сол сыяқты, Мамлют ауданындағы Чапаев атындағы МТС-тің Телипко жолдас басқарған трактор бригадасында әрбір 15 аттық күші бар тракторлмен кәзірдің өзінде жүмсақ жерге айналлырылғанда 860 гектардан аса жер өңделіп отыр. Бұл бригада өзінің әрбір маусымдық тапсырмаларын үнемі агротехникалық қолайлы мерзімде орындап отырады.

Алайда, облысымыздың көптеген МТС-терінде мұндай бригадалардың өте аз екендігін атап айтқ кету қажет. Мәселен, Коновалов, Майбалық, Сартомар, Преснов МТС-терінде 15 аттық күші бар әрбір тракторлмен өңделген жер быйыл өткен жылғыдан әлде қайда кем. Коновалов МТС-ін алатын болсақ, онда күні осы уақытқа дейін әрбір 15 аттық күші бар тракторлмен өңделген жердің көлемі 400 гектардай ғана болып отыр.

Мұндай жаңдай аталған МТС басшыларының машиналардың қуатын сарқа пайдалану арқылы еңбек өнімділігін үнемі арттыру ісіне жеткілікті көңіл бөлмейтіндігін толық дәлелдейді.

Соңғы уақытта көптеген тракторшылар, механиктер, комбайншылар және басқа мамандар партияның шақыруына жауап ретінде ауыл-селода жүмыс істеуге тілек білдірді. Жуырда Петропавл қаласының өзінен ауыл шаруашылығы мамандарға толық мүмкіншілік бар. Олай болса, машина-трактор станцияларының басшылары мен мамандары көктемгі егіс жүмыстарының агротехникалық қолайлы және қысқа мерзімде өткізілуін қамтамасыз ету үшін зябь жырту жоспарларының толық орындалуына жетісуге міндетті.

Партиямыз бен үкметіміз колхоз өндірісінің барлық салаларын механикаландыруды кеңейту үшін нақтылы шараларды жүзеге асыруда. МТС-тердің машина-трактор паркінің ұлғайтылуымен қатар, олардың жөндеу базалары нығайып келеді. Осыған байланысты МТС мастерскойларының жүмыс мәдениетін арттыруға толық мүмкіншілік туып отыр. Олай болса, ендігі жерде мамандар, барлық механизаторлар қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, еңбек өнімділігін еселе арттыруға жетісуге тиіс. Бұл—машина-трактор станциялары коллективтерінің алдында тұрған бүгін таңдағы аса маныызды міндет.

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері партиямыз бен үкметіміздің МТС жүмыстарын онан әрі жақсарту жөніндегі шараларын аса зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Бұл шаралар МТС-тердің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресіндегі ролін арттыруға көмектеседі. Сондықтан жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындары машина-трактор станцияларының жүмысын бүгінгі талаптарға сай қайта құрып, олардың жаңа тапсырмаларын орындауына жетісуге міндетті.

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің үшінші сессиясын (төртінші шақырылуы) шақыру туралы

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті 1953 жылғы 14 оқтябрьде, сәрсенбі күні, күндізгі сағат 11-де еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің үшінші сессиясы (төртінші шақырылуы) шақырылатындығын депутаттардың есіне салады.

Сессия мәжілістері Петропавл қаласында, облыстық Совет атқомінің мәжіліс залында (Ленин көшесі, 29-үй) болады.

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті.

Заполярьедегі құрылыстар

НАРЬЯН-МАР, 7 октябрь. (СОТА). Ненец ұлт округінде тұрғын үй және мәдени құрылыстары зор көлемде жүргізілуде. Нарьян-Марде округтік жаңа кітапхана үйі пайдалануға берілді. Онда 2 оқу залы, кітап сақтайтын орын, түсінік алу және библиографиялық бөлімдер жабдықталған, балалар кітапханасы орналастырылған. Амдермин ауданындағы Усть-Кара поселкесінде «Красный Октябрь» колхозының бұғы өсірушілері үшін 5 тұрғын үй, колхоз басқармасының кеңсесі салынған. Бұл кеңсеге, сол сыяқты, тундралық Совет, қызыл мүйіс, колхоз радиоторабы орналасады.

«Академик Комаров» теплоходы Сталин атындағы бұғы өсіруші колхоздың жаңа отырықшылық базасы салынып жатқан жерге жыйналмалы 5 тұрғын үйдің, колхоз басқармасы үйінің, қойманың, монтаждың бөлшектерін жеткізеді. Бұл жүмыс Ұлы Октябрьдің 36 жылдығына дейін аяқталады.

Москваның автомобиль құрылысшылары

Москваның Сталин атындағы автомобиль заводының коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығын лайықты қарсы алуға әзірленуде. Цехтар мен бөлімдерде жыйналыстар өткізілін, оларда мереке қарсаңындағы міндеттемелер алынған.

Автозаводтықтар 10 айлық тапсырманы мерзімінен бұрын орындауға және октябрь айында ауыл шаруашылығы үшін жоспардан тыс жүздеген жүк машиналарын, үй шаруасына арналған 130 тоңазытқыш, 5.790 велосипед беруге уәғарды. Сол сыяқты, мемлекеттік тапсырмадан тыс қосалқы бөлшектер өндіру қарастырылып отыр. Завод коллективі өнімнің өзіндік құнын кеміту есебінен бір айда жоспардан тыс 300 мың сом қаржы үнемдемек.

(СОТА).

күні, Министр жолдас, Сізден менің достық құттықтауымды қабыл алуды өтінемін.

Сонымен бірге герман халқының біртұтас, бейбітшіл және демократиялық герман мемлекетін қалпына келтіру ісіндегі бейбітшілік пен хауіпсіздік мүдделеріне сай келетін ұлттық арманын жүзеге асыруда табыстарға жете беруіне менің шын жүректен тілектестігімді де қабыл алыңыз.

В. МОЛОТОВ.

6 октябрь, 1953 жыл.

Н. Тоқбаев жолдасқа Қазақ ССР социалистік мал шаруашылығының еңбек сіңірген шебері деген құрметті атақ беру туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудегі аса көрнекті еңбегі үшін Алматы ауданы, «Луч Востока» колхозының шопаны Нұрғали **Тоқбаевқа** Қазақ ССР социалистік мал шаруашығылының еңбек сіңірген шебері деген құрметті атақ берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
7 октябрь, 1953 жыл.

жоспардан тыс мыңдаған пұт астық тапсырды.

Коллектив мүшелері арасында СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы қызу қолдау тапты. Олар бұл қаулыға жауап ретінде совхоздың егін және мал шаруашылығын барған сайын өркендетуге міндеттенді.

«С—80» тракторымен бір сменада 9 гектар орнына 12—13 гектар жер жыртып жүр. Тракторшы А. Шульц жолдас та сменалық тапсырмасын үнемі 120—130 процеттен орындайды.

Кәзір совхоз механизаторлары зябь жырту жөніндегі жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін осылайша еңбек етуде.

В. ЕСЛАМОВ.

Қажырлы еңбек

Тоқпын совхозының механизаторлары СОКП Орталық Комитетінің «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысымен жігерлене отырып, зябь жырту жүмысының қарқынын еселеп күшейтті. Олар зябь жыртудың жылдық жоспарын мерзімен бұрын орындауға, сөйтіп, егіннен мол өнім алудың негізін қалауға міндеттенген-ді.

Бұл күндері тракторшылар зябь жыртуда аянбай еңбек етіп, алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Мәселен, тракторшы К. Филатов жолдас «ЧТЗ» тракторымен күн сайын 20-22 гектардан жер жыртып жүр. Ол науқан басынан барлығы 500 гектардай зябь жыртты. Тракторшы Д. Яковенко және С. Матятаев жолдастар да сменалық тапсырмаларын үнемі 120—130 процеттен орындайды.

Ж. БЕКЕНОВ.

Советтік Қазақстанда

Қарағандауголь» комбинаты № 26 шахтасының механикалық цехының құрал-аспап жасаушысы Людмила Новикова быйылғы жылы скульптура үйірмесіне қатысып, творчестволық 10 жүмыс атқарды.

СУРЕТТЕ: **Л. Новикова** искусствоға еңбегі сіңген қайраткер Дина **Нүрпейсованың** скльптурасын жасауда.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

ЖАҢА МАШИНА -ТРАКТОР МАСТЕРСКОЙЛАРЫ

Қазақстанда МТС-тердің жаңадан стандартты 42 машина- трактор мастерскойлары салынуда. Олардың 26-сы үстіміздегі жылы іске қосылады.

(ҚазТАГ).

Ғылым табыстары мен озат тәжрибені насихаттау

АҚМОЛА, (ҚазТАГ). Шортанды ауданының Жданов атындағы ауылшаруашылық артеліінің 200-ден аса колхозшылары Шортанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясының селекционері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты В. П. Кузьминнің лекциясын тыңдау үшін клубқа жыйналды. Еліміздің таңдаулы селекционері ауылшаруашылық дақылдарының мол өнімді жаңа сорттарын өсіру жөніндегі станцияның ғылми жүмыстары туралы айтты. Ол өзінің лекциясын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларымен байланыстырып, жергілікті колхоздардың ішкі қорларына тоқталды, овощ және бақ шаруашылықтарын қоғамдық шаруашылықтың мол табысты салаларына қалай айналдыруға болатыны жөнінде кеңестер берді.

Балкашино асыл тұқымды мал совхозының мамандары, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Молотов ауданының колхоздарында жиі-жиі лекциялар мен баяндамалар оқып, әңгімелер өткізіп тұрады. Сталиндік сыйлықтың лауреаты, совхоздың директоры Бай жолдас Молотов атындағы, Сталин атындағы, Ленин атындағы ауылшаруашылық артельдерінде лекциялар оқыды. Ол партия мен үкметтің жаңа қарарларына байланысты сүт өнімін беретін мал шаруашылығын онан әрі өркендету жолдары туралы, малды күту туралы және қысқы уақытта сүт сауды арттыру әдістері туралы колхозшыларға айтып берді.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты, жылқышы Қапыс Жуасов облыстың көптеген фермаларында болды. Ол мал шаруашылығындағы мичуриндік әдістер туралы әңгімелер өткізіп, өзінің жүмыс тәжрибесін айтты. Жуасовтың пайдалы кеңестері өндіріс мәдениетін арттыруға көрнекті әсерін тигізді.

Пионердің археологиялық жаңалық табуы

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Защита станциясы мектебінің оқушысы Володя Кузьменко минерал заттарын өте жақсы көреді. Ол жазғы каникулды өз коллекциясын толықтыруға пайдаланады. Володя поселке жанындағы құм карьерінде ойнап жүріп, шіріген сүйектерге кез болды. Оның сүйектермен бірге жатқан тотбасқан металл бұйымдарына көзі түсті. Пионер жолдастарының көмегімен құмнан адамның және аттың бассүйегін, темір жүгенді, күміс бұйымдарды, темір найзаны, садақ оғының жебесін қазып алды. ССРО Ғылым академиясының археологиялық экспедициясының қызметкерлері облыс- аудандарындағы қазба жұмыстарынан Өскеменге қайтып келген соң пионердің тапқан заттарының зор ғылми маңызы бар екендігін айтты. Олар балаларға Володяның Шығыс Қазақстан жерінде бұдан мың жыл бұрын өмір сүрген қыймақ тайпасы жауынгерінің сүйектерін тапқанын айтып берді. Қыймақтардың мәдениеті мен тұрмысы осы уақытқа дейін зерттелмей келген еді. Тек арабтардың ерте замандағы жазба тұпнұсқаларында ғана бұл тайпаның бай және күшті болғандығы туралы айтылады. Пионердің тапқан заттары облыстық тарих-өлкетану музейіне тапсырылды.

Қарағандыға жақын жердегі Үлкен Михайловка селосында емдеу орындары қалашығы салынуда.

СУРЕТТЕ: Жаңадан салынған емдеу орындары үйлерінің бірі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

МТС-тердің ТЕХНИКАМЕН ЖАБДЫҚТАЛУЫ КҮШЕЮДЕ

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Облыстың МТС-тері мен ММС-тері соңғы екі айдың ішінде ғана жаңа, ең қуатты 154 «ДТ-54» тракторын, он «С—80» тракторын, көптеген бульдозерлер, «ХТЗ—7» отама тракторларын алды. Комбайн паркіне 273 машина қосылды.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Совет аудандық партия комитетінің жұмыс стилі туралы

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы аудан еңбекшілерінің саяси және еңбекке деген белсенділіктерін онан сайын күшейтті. Пленум қаулысына арналған әңгімелер мен жыйналыстарда колхозшылар, жұмысшылар, қызметшілер партия алға қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін өздерінің күші мен еңбегін аямайтындықтарын білдіруде. Сонымен қатар, олар ауданның шаруашылық орындары мен совет ұйымдарының колхоздар мен совхоздарға басшылық етудегі елеулі кемшіліктерін де атап көрсетуде.

Бұл өте орынды. Өйткені, Совет ауданы егін шаруашылығын, әсресе, мал шаруашылығын өркендетуде жыл сайын кейін қалып келеді. Өткен жылы аудан ауылшаруашылық дақылдарынан, сондай-ақ, мал шаруашылығынан жоспарды өнім ала алмады. Мал қыстату маусымы ауыр жағдайда өтті. Быйыл да өзгеріс шамалы. Қазір ауылшаруашылық жылы аяқталғалы отыр. Алайда, ауданның кейбір колхоздарында егін орағы әлі де аяқталған жоқ, ал бірқатар шаруашылықтарда бастырылған астық, соның ішінде тұқымдық дақылдар жаңбыр-шашынға тиіп, ашық қырмандарында жатыр. Колхоздар бойынша зябь жырту жоспары жарғылай да орындалған жоқ.

Мал шаруашылығының жайы төзгісіз. Осы жылдың өткен өгіз айында қоғамдық малдың колхоздар бойынша жылдық жоспары сыйыр малынан —73 процент, шошқадан —40-ақ процент орындалды. Қоғамдық малдың төл есебінен өсуі және оның өнімділігі бүгінгі күннің талабына жауап бермейді. Быйыл аудан колхоздары әрбір 100 аналық малдан 52 бұзау, 67 құлын, 55 қозы, әрбір мегежінен 8-дейақ торай тана өсірін отыр. Мұның үстіне көп жерлерде мал қыстату маусымына әзірлік жұмыстары екінші кезекке қойылған. Соңғы екі бескүндікте бірнеше колхоздар мал азығын дайындау жұмысын тоқтатып қойды. Осы сыяқты, мал қораларын жаңадан салу, жөндеу жұмыстарының қарқыны да өте баяу. Міне, мұның бәрінен аудандық ұйымдардың тарапынан колхоздарға басшылықтың жеткіліксіз екені көрініп тұр.

Аудандық партия комитеті — саяси басшы орын. Ол ауданның барлық жұмысына, соның ішінде шаруашылық жұмыстардың жайына жауап береді. Олай болса, аудандық партия комитеті бірде-бір шаруашылық науқанның ойдағыдай орындалуын не себепті қамтамасыз ете алмай келеді? Бұл сұраққа аудандық комитеттің жұмыс стиліне талдау жасамай, жауап беру қиын.

Партиялық- саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізу — партия ұйымдарының басшылық стилінің арқауы екені мәлім. Бірақ, мұны ауданның бірқатар басшы партия қызметкерлері сөз жүзінде мойындағанмен, іс жүзінде совхоздарда баяндама жасауды да қамтамасыз ете алмай отыр. Аудандық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Самуратов жолдас «Еркіндік» колхозына барып, баяндама жасауға тағайындалған еді. Алайда, оның бұл міндетті орындауға бір апта бойы «уақыты болмады». Осы сыяқты, аудандық комитет егіншілік пен мал шаруашылығын өркендету жөнінде шаралар белгілеу туралы әрбір колхозға тек телефон соғу, немесе ауызша хабар айтумен қанағаттанып отыр. Бұл жөнінде колхоздарға ауыл шаруашылық мамандарының көмегін ұйымдастыру қажет еді. Бірақ, істің жайы бұлай болмай келеді.

Аудандық комитеттің бюро мәжілісінде шаруашылық жұмыстардың барысы жөнінде колхоз председательдерінің және партия ұйымдары секретарьларының, МТС директорларының есебі жиі тыңдалады. Не пайда, бюро мәжілісіне қойылған мәселелер үстірт талқыланып, бір үлгімен жазылған қаулы алынады. Міне, сондықтан бюро мәжілісінің қарарлары колхоздар мен МТС-тердің артта қалушылығын жоюға көмек көрсете алмайды.

Бір мысал, осы жылғы 16 июльде аудандық атком мен аудандық партия комитетінің бірлескен мәжілісінде мал азығын дайындаудың барысы жөнінде «Красное поле», «Борьба за коммунизм», «Путь к коммунизму» колхоздары басқармаларының председательдері мен партия ұйымдары секретарьларының баяндамалары тыңдалған. Мәжілістің қаулысында әрбір колхоздың жайына талдау жасалмай, тек кемшіліктердің тізбегі көрсетілген, «талап етілсін», «орындалсын», «ескертілсін»... деген сыяқты сөздерден құралған пунктер жазылған. Жұмыстың жайын қалай жақсарту керек, ол үшін не істеу керек, міне, бұл жөнінде қаулыда ештеңе айтылмаған.

Бюро мәжілістерінде кеміде 15-20, кейде 30, тіпті онан да артық мәселелер талқыланады. Көп мәжілістер таң түсте басталып, тұн ортасына дейін созылады. Сондықтан бюро мүшелері соңғы қаралған мәселелерді қажығандықтан атүсті шеше салып, үстірт қаулы алады.

Бюро мәжілісін өткізудегі болып келген кемшіліктер аудандық партия комитетінің пленумдар өткізу практикасына да тән. Рас, пленумдардың күн тәртібіне пісуі жеткен мәселелер жиі қойылады. Бірақ, оған әзірлік үстірт жүргізіледі. Сондықтан быйыл болған пленумдардың бірқатарында сын мен өзара сынның дәрежесі төмен болып, ондағы мәселелер терең талқыланбады.

Мысалы, август айында XII пленумда социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуы жөнінде мәселе талқыланды. Пленумға қатысушылар аудан партия ұйымының социалистік жарысты ұйымдастыру жөніндегі тәжрибелерінің ратара салынатынына және жұмыстағы шылардың социалистік жарысы формальді ұйымдастырылған. Бұқаралық-саяси жұмыстың өрісі тар, дәрежесі төмен.

—Мен жас секретарьмын,—дейді партия ұйымының секретары Дәуітов жолдас, — алайда, аудандық комитеттің секретарьлары, немесе, бөлім меңгерушілері колхозға келіп, партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде көмек көрсетіп, кеңес берген емес.

Басқа колхоз партия ұйымдарының жұмыстарында да көп кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктерді аудандық партия комитетінің басшы қызметкерлері білмейді деуге болмайды. Бірақ, олар бастауыш партия ұйымдарының жұмыстарын жақсарту жөнінде қажетті ұйымдастыру жұмыстарын жеткілікті жүргізбейді.

Аудандық партия комитетінің мартта болған пленумында «Совет» колхозы бастауыш партия ұйымының есебі тыңдалды. Пленум бастауыш партия ұйымының жұмысындағы және аудандық партия комитетінің басшылық ісіндегі кемшіліктерді көрсетіп, ол кемшіліктерді жою жөнінде арнаулы қаулы алды. Сонан бері 7 ай өтті. Бірақ, пленум қаулысының орындалуы тексерілген жоқ.

Біз «Совет» колхозында болып, бастауыш партия ұйымының жұмысымен таныстық. Ұйымның жұмысы бұрынғыдай, әлі де қанағаттанғысыз. Партия жиналысы көбінесе аудандық партия комитетінен арнаулы адамдар келгенде ғана өтіп, оның күн тәртібіне жоғарғы партия орындары ұсынған мәселелер ғана қойылады. Коммунистердің көпшілігі күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатыспайды. Егіс бригадалары мен мал фермаларында үгітшілерді сирек көресіз.

Бұл колхозда аудандық партия комитетінің қызметкерлері жиі болады. Не пайда, олар партиялық-саяси жұмыстың жайымен үстірт шұғылданады. Жуырда колхозға аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Ертаев жолдас келді. Ол небары 3-4 сағат қана бөгелді. колхозшылардың жыйналысын өткізді де кетіп отырды. Ертаев жолдас коммунистердің саяси оқуының, үгіт коллективі жұмысының жайымен танысуды қажет деп таппады. Басшы партия қызметкерінің колхозға атүсті келіп қайтуынан не пайда?

Партия жыйналысы — тәрбие мектебі. Бірсыпыра бастауыш партия ұйымдарында партия жыйналыстары айына бір-ақ рет өтеді. Сондықтан олар тек жоғарғы партия орындары ұсынған мәселелерді ғана талқылап, колхоз өміріндегі пісуі жеткен мәселелерді күн тәртібіне қоя алмайды. Кейде партия ұйымдары партия жыйналысының күн тәртібіне бірнеше мәселе қойып, жыйналыстың дәрежесін төмендетеді. Молотов атындағы колхоз партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысына бес мәселе қойылған. Осы жыйналысқа қатысқан аудандық партия комитетінің

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарысқа ұштаса отырып, «Комсомолка» тігін фабрикасының тігінші шебері комсомолка Л. Михайлина жолдас сменалық тапсырманы 2 есе орындап жүр.

СУРЕТТЕ: **Л. Михайлина** жолдастың ким тігіп отырған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

БУЛАЕВ АУДАНЫНДА

Жаңа радио торапторы

Коминтерн атындағы және «Новый путь» колхоздарында жуырда жаңа радиоторабы орнатылып, жұмысқа қосылды. Бұл екі колхоздың әрқайсысында 90—100 радиочкадан бар.

Көп үйлер салынды

Аудан орталығында жеті бөлмелі жаңа қонақ үйі салынып жатыр. Оның сыйымдылығы 30 кісілік. Сол сыяқты, аудандық кітапхана мен балалар кітапханасы үшін де жаңа үйлер салынуда. Бұл құрылыстарды салу жұмысы октябрь айында аяқталмақ.

Автомашиналар алды

Аудан колхоздарында автомашиналар саны арта түсуде. Коминтерн атындағы колхоздың меншігінде жүк тасыйтын үш автомашина бар. Жуырда Карл Маркс және Ленин атындағы ауылшаруашылық артельдері де жаңа автомашиналар сатып алды.

Жаңа интернат

Ұзынкол совхозының дирекция-

Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына төрт жыл толуына байланысты Берлинде болған салтанатты мәжіс

БЕРЛИН, 6 октябрь. (СОТА). Бүгін Берлинде Герман Демократиялық Республикасының құрылуының 4 жылдығына байланысты салтанатты мәжіс болды.

Мәжіліске Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пик, Премьер-Министр Отто Гротеволь бастаған Үкмет мүшелері, ГДР-дің Халық палатасының председателі И. Дикман, демократияшыл партиялар мен көпшілік ұйымдарының өкілдері, ғылымның, искусство мен әдебиеттің көрнекті қайраткерлері, өндіріс озаттары қатысты.

Сол сыяқты, салтанатты мәжіліске Совет Одағының Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі В. С. Семенов, Қытай Халық Республикасының Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Цзи Цынцэй, халықтық демократия елдерінің Герман Демократиялық Республикасы Үкметі жанындағы дипломатиялық миссияларының басшылары қатысты.

Герман Демократиялық Республикасының құрылуының 4 жылдығына байланысты Герман Демократиялық Республикасының Премьер- Министрі Отто Гротеволь баяндама жасады.

Вильгельм Пик Герман Демократиялық Республикасының Президенті болып қайта сайланды

БЕРЛИН, 7 октябрь. (СОТА). Бүгін Берлинде Президенттің өкілдігі мерзімінің бітуіне байланысты Герман Демократиялық Республикасының Президентін сайлауға арналған Герман Демократиялық Республикасы жерлері Палатасы мен Халық палатасының біріккен мәжілісі болды.

Халық палатасы мен Герман Демократиялық Республикасы жерлері Палатасының мәжілісі Халық Палатасы председателі И. Дикманның кіріспе сөзімен ашылды.

Герман Демократиялық Республикасы Президентін сайлау туралы мәселе бойынша ұсыныс енгізу үшін И. Дикман Премьер -Министрдің орынбасары депутат О. Нушкеге сөз берді.

Президент Вильгельм Пикті Герман Демократиялық Республикасының және бүкіл неміс халқының мүдделері үшін, неміс халқының мүдделері үшін қажырлы күрескер ретінде сипаттай келіп, О. Нушке Вильгельм Пикті Герман Демократиялық Республикасының Президенті етіп қайта сайлауға ұсыныс енгізді.

Вильгельм Пик Герман Демократиялық Республикасының Президенті болып бірауыздан қайтадан сайланды.

Осыдан кейін залға Президент Вильгельм Пик шақырылды, оның келуін депутаттар мен қонақтар ду, қопке дейін басылмаған қолшапалақтаулармен және қуттықтаған ұрандармен қарсы алды. Вильгельм Пик ант берді.

Председательдік етуші И. Дикман Вильгельм Пикті қызу қуттықтап, оның Герман Демократиялық Республикасының және бүкіл неміс халқының игілігі жолында жаңа табыстарға жетуін және сау-сәлемет болуын тіледі.

Мұнан кейін И. Дикман Президент Вильгельм Пикке сөз берді.

Берлиндегі жаппай митинг

БЕРЛИН, 7 октябрь. (СОТА). Берлин халқы Вильгельм Пиктің Герман Демократиялық Республикасының Президенті болып қайта сайланғандығы туралы хабарды үлкен қуанышпен қарсы алды. Маркс-Энгельс алаңында митинг болып, оған Берлиннің барлық аудандарынан 500 мыңға жуық тұрғын адамдар қатысты. Жыйналғандар Президент Вильгельм Пиктің, Отто Гротеволь бастаған ГДР Үкметінің мүшелерін, демократияшыл партиялар мен бұқаралық ұйымдар өкілдерінің, дипломатиялық корпус мүшелерінің мінбеге келуін зор өрлеумен қарсы алды.

ГБСП Орталық Комитеті саясаттық бюросының мүшесі және Халық Палатасы председателінің орынбасары Герман Матерн, Герман Демократиялық Республикасының Премьер -Министрінің орынбасары және Германияның кристиан -демократияшыл одағының председателі Отто Нушке, Германияның либерал-демократияшыл партиясының өкілі статс-секретарь Петер Концок митингте құттықтау сөздер сөйледі.

Митингтің қорытындысында Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пик жыйналғандарға арнап қысқаша сөз сөйледі. ол өзінің сөзінде көрсеткен сенім үшін алғыс айтып, неміс халқының өзінің әділетті патриоттық күресінде жаңа табыстарға жетуін тіледі.

ИНДИЯ АҚШ-тан ЛИСЫНМАНШЫЛАРДЫҢ АРАНДАТУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН БОЛДЫРМАУДЫ ТАЛАП ЕТУДЕ

НЬЮ-ЙОРК, 7 октябрь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Делиден берген хабарына қарағанда, нің күзетіндегі бейтараптық аймақта қазіргі уақытта тұрған қытай және солтүстік-корейлік соғыс тұтқындарын күш-

зінде орындалады. Сөйтіп, олар шаруашылық жұмыстың ұсақ мәселелеріне дейін араласып, совет, шаруашылық орындары үшін жұмыс істейді. Партиялық-саяси және шаруашылық жұмыстардың түбірлі мәселелерін естен шығарады.

Аудандық комитеттің үйіне келіп, оның кай бөлімінде болсаңыз да үсті-үстіне телефондарды соғып, телефонограммаларды жазып жатқан қызметкерлерді және секретарьлардың, немесе, бөлім меңгерушілерінің қабылдауын күтіп отырған адамдарды көресіз. Олардың бірі дайындау пунктіне астық тасу үшін машина беруді, екіншісі балаларын мектепке орналастыруды, үшіншісі құрылыс материалдарын босатуды сұрайды. Мұның үстіне колхоздарға жіберілетін немесе барып келген өкілдер тобы келіп, кетіп жатады.

Осылай өркашан аудандық комитеттің басшы қызметкерлері ағымдағы істердің шырмауында болады. Мұның өзі аудандық комитеттің бөлімдерінің жоспарлы жұмыс істеуіне үлкен бөгет. Бөлімдер партия ұйымдарының жұмыс тәжрибелерін зерттеп, насихаттаудан, ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерін шешуден тыс қалған. Олар тек жеке тапсырмаларды орындайтын болған. Мәселен, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімі жыл басынан бері партия жиналысын өткізу, колхоз басқармасының жұмысына партиялық бақылау правосын пайдалану және осы сияқты басқа мәселелер жөнінде бірде-бір партия ұйымының жұмыс тәжрибесін жалпының игілігіне айналдыра алмады. Бөлімнің меңгерушісі Закирченко жолдастың және нұсқаушылардың көп уақыты қаулылардың жобасын даярлау, коммунистердің жеке ісін тексеру, немесе түрлі шаруашылық жұмыстар жөнінде колхоздарда өкіл болумен өтетін көрінеді. Басқаны айтпағанда, бөлім қызметкерлерінің бастауыш партия ұйымдарынан түскен қаулылармен танысуға уақыты жоқ сияқты. Аудандық комитеттің басқа бөлімдері жөнінде де осыны айту керек.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы жарияланғалы бірталай уақыт өтті. Алайда, аудандық комитет Пленум қаулысы жөнінде колхоздар кемшіліктерін қатаң сыналатынына зор сенім білдірген еді. Амал не, баяндамашы —аудандық комитеттің бюро мүшесі Живулина жолдас бұл үмітті ақтамады. Ол өзінің екі сағатқа жуық созылған баяндамасында озат механизаторлардың, мал өсірушілердің және басқа да ауылшаруашылық қызметкерлерінің атын атап, мұнан кейін шаруашылық жұмыстардың мәліметін оқумен, кемшіліктердің тізбегін айтумен тана болды. Живулина жолдас өзінің баяндамасында бірде-бір колхоз, совхоз партия ұйымының, немесе ауылдық, селолық Советтің социалистік жарысты ұйымдастыру жөніндегі тәжрибесі туралы жұмған аузын ашпады.

Бұл неліктен? Живулина жолдас пленум басталуға екі күн ғана қалғанда баяндаманы кабинетте отырып жазып, аудандық комитетке ұсынды. Сөйтіп, ол өзінің шала-шарпы жазылған баяндамасымен пленумның мінбесіне келді.

Колхоз өндірісінің жан-жақты өрлендеуі, оның басшы кадрларына тікелей байланысты. Алайда, аудандық ұйымдар колхоз председательдерін тәрбиелеу ісіне жете мән бермейді. Соңғы жылдары колхоз председательдігіне агроном Криштопов, малдәрігері Жұнысов, зоотехник Төлеуов, механик Погуляев жолдастар жотарылатылған болатын. Бұлардың бәрі де жарты жыл, бір жылдай қызмет істегеннен кейін «жарамсыз» болғандықтан қызметтен босатылды. Егер аудандық партия комитеті жотарыда айтылған мамандарды қызметке ұсынумен ғана қанағаттанбай, оларды қызмет үстінде саяси шыныктырып, кемшіліктерін кезінде көрсетіп отырса, «жарамсыздардың» саны анағұрлым кем болар еді.

Бастауыш партия ұйымдары — аудандық комитеттің тірегі. Солай болғанда, Совет аудандық партия комитетіндегілердің бастауыш партия ұйымдарымен, коммунистермен байланысы нашар. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының партия ұйымы аудандағы ірі ұйымдардың бірінен саналады. Мұнда басқа жұмыстан босатылған секретарь жұмыс істейді. Алайда, партия ұйымының колхоз өндірісіне ықпалы өте қанағаттанғысыз. Колхозның партия комитетінің хатшысы Ж. Ибрагимов пленумда сөйлеп отырып, ауылдағы коммунистердің, колхозшылардың ісі-әрекетін, олардың тәрбиесін, ұйымдастырушылық жұмысын, тіпті, ауылдағы ірі ұйымдардың бірінде партия комитетінің хатшысы ретінде не істеп, не істемегенін, не істеуге тиісті екенін ешкім білмейтіндігін ашық айтты. Ибрагимов жолдастың ісі-әрекеті, оны ешкім ешқашан сынамайтындығы, ол ешкімге ешқашан есеп бермейтіндігі, ол тіпті, партия комитетінің бюро мүшесі Живулина жолдас бұл ісін ашық сынаса